ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «___»_____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«___» _____ 20 __ года

2025 жылғы 26 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Су ресурстары және ирригация
министрі
Н.М. Нұржігітовке

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
А.С. Сапаровқа

Алматы облысының әкімі
М.Е. Сұлтанғазиевке

Жамбыл облысының әкімі
Е.Ш. Қарашөкеевке

Түркістан облысының әкімі
Н.О. Көшеровқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Бұл депутаттық сауалға негіз болған – балық шаруашылығы саласының өкілдері, ғылыми қауымдастық және өңірлік су пайдаланушылар тарапынан келіп түскен көптеген өтініштер.

Еліміздегі су нысандарын пайдаланудың қазіргі жай-күйі мен балық шаруашылығының дамуына байланысты алаңдаушылық білдіреміз.

Балық шаруашылығын тұрақты дамытуға, биологиялық ресурстарды тиімді пайдалануға және су экожүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге кедергі

келтіретін келесі **7** институционалдық және инфрақұрылымдық мәселелерді атап өткім келеді:

Бірінші мәселе – ол көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығына бақылаудың жеткіліксіздігі.

Көптеген су нысандары көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізгенімен өзіне тиісті міндеттемелерді толық орындамайды.

Бұл бюджеттік субсидияларды мақсатсыз пайдалану және экологиялық нормалардың бұзылу қаупін тудырады. Осыған байланысты ұсыныстар:

- көлдедерде тауарлы балық өсіру шаруашылығы мәртебесі бар барлық су қоймаларын табиғат қорғау, санитарлық және шаруашылық нормативтердің орындалуы бойынша **жүйелі түрде бақылау қажет деп есептейміз.**

- Су және ирригация министрлігі мен тиісті ведомстволардың ақпараттық жүйелері біріктірілген су қоймалары мен балық қорларының жай-күйіне қатысты деректердің **цифрлық есепке алу жүйесін енгізу керек.**

Екінші проблемалық мәселе - гидротехникалық инфрақұрылымның қанағаттанарлықсыз жағдайы.

Көптеген гидротехникалық құрылыстар техникалық регламенттерге сәйкес келмейді, бұл өз кезегінде су пайдаланушылардың қауіпсіздігіне және су қоймаларының өнімділігіне қауіп төндіреді. Осыған байланысты келесі ұсыныстар енгізіледі:

- көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы бар су қоймаларындағы шлюздер, бөгеттер, су ағызғыштар, қорғаныш торлар мен каналдар сияқты құрылыстардың **техникалық түгендеуін жүргізу** аса маңызды.

- апатты жағдайдағы объектілерді жоспарлы реконструкциялау **тәртібін бекітіп**, мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін қарастыру қажет деп есептейміз.

Үшінші мәселе – ол жабайы браконьерлік әдістерінің толастамауы. Электрмен балық аулау әдісі балық популяциясына ерекше қауіп төндіруде. Тыйым салынғанына қарамастан, оны қолдану тәжірибесі жалғасуда. Бұл проблеманы шешу үшін электроқұралдарды қолдануды табиғат қорғау заңнамасын өрескел бұзу ретінде бағалап, қылмыстық жауапкершілікті енгізу және күшейту ұсынылады.

Төртінші үлкен мәселе – ол балық тұқымын өсірудегі проблемалар.

Балық тұқымын өсіруді дамыту – импортты алмастырудың басты тетігі болып табылады. Отандық балық шаруашылығы қол жетімді және сапалы отырғызу материалына өте мұқтаж. Асыл тұқымды база іс жүзінде жоқ. Бұл мәселені шешу үшін – мемлекеттің қолдауы мен ірі көлдер мен су қоймаларының базасында тұқым

27.03.2025 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

өсіру бойынша **асыл тұқымды шаруашылықтар желісін құруды ұйымдастыру** және тауарлы балық шаруашылығы көлдеріне отандық селекциядағы балық жіберу шығындарының бір бөлігін **субсидиялау тетіктерін қарастыру** керек деп есептейміз.

Бесінші мәселе – су тарту құрылғыларына балық қорғау құрылғыларын орнату міндеттілігіне қатысты.

Су кодексінің 88-бабы мен «Жануарлар дүниесін қорғау туралы» Заңға сәйкес, балық қорғау құрылғыларынсыз су тарту және ағызу құрылыстарын пайдалануға беруге тыйым салынады.

Алайда бұл талаптар ісжүзінде орындалмай жатыр. Осыған байланысты келесі ұсыныс енгізіледі:

-су нысандарында барлық су тарту және су ағызу құрылыстарына **балық қорғау құрылғыларын** орнатуды міндеттеуді қамтамасыз ету қажет, бұл әсіресе Жамбыл, Алматы және Түркістан облысындағы көлдердің құрылыстарына қатысты айтылып отыр.

Алтыншы мәселе – инвестициялық жобаларға қатысты.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, балық шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобалар мәртебесі 150 000 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) көлемінен кем емес инвестиция болғанда ғана беріледі. Бұл шек, біздің ойымызша, экономикалық тұрғыдан негізсіз болып табылады, жалпы инвестиция ағынын тежейді және отандық инвесторлар үшін шектен тыс жоғары талап болып есептеледі.

Осыған байланысты ұсыныс – жобалардың санаты мен өңірлік маңызын ескере отырып, инвестициялық жобаларға қойылатын талаптарды сараланған тәртіппен қайта қарау қажет деп есептейміз.

Жетінші мәселе – балық аулау орны туралы анықтама беру рәсімін нақтылауға қатысты болып отыр.

Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беру барысында құқықтық алшақтық пен әкімшілік кедергілер орын алуда.

Ұсыныс - балық жіберу және мелиорация жөніндегі комиссиялық актілерге негізделген нақты талаптарды енгізу арқылы **мемлекеттік қызмет көрсету рәсімін жаңарту қажет**.

27.03.2025 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Аталған нақты ұсыныстарды қарап, қабылданған шаралар туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес ақпарат беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары **Е. Саурықов**

С. Егізбаев

Қ. Абден

Н. Арсютин

А. Баққожаев

Ж. Дайрабаев

А. Зейнуллин

Т. Серіков

«AMANAT» партиясы
фракциясының депутаттары **М. Ескендіров**

С. Пономарев

✍ А.Байжанова
☎ 74-63-92

Результаты согласования
27.03.2025 11:57:44: Сериков Т. Г. (Комитет по социально-культурному развитию) - - согласовано без замечаний
27.03.2025 11:57:58: Арсютин Н. Г. (Комитет по законодательству и судебно-правовой реформе) - - согласовано без замечаний
27.03.2025 11:58:01: Зейнуллин А. Т. (Комитет по вопросам экологии и природопользованию) - - согласовано без замечаний
27.03.2025 12:16:29: Искандиров М. З. (Комитет по экономической реформе и региональному развитию) - - согласовано без замечаний
27.03.2025 12:17:26: Пономарев С. М. (Комитет по вопросам экологии и природопользованию) - - согласовано без замечаний
27.03.2025 12:20:15: Егізбаев С. Р. (Комитет по аграрным вопросам) - - согласовано без замечаний
27.03.2025 12:23:12: Баккожаев А. А. (Комитет по экономической реформе и региональному развитию) - - согласовано без замечаний
27.03.2025 12:28:24: Абден Қ. Ж. (Комитет по финансам и бюджету) - - согласовано без замечаний
27.03.2025 14:49:18: Дайрабаев Ж. М. (Комитет по аграрным вопросам) - - согласовано без замечаний

27.03.2025 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)